

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: «Бөбек лүпілі» жекеменшік балабақшасы

Топ: ересек «Балауса» топ

Балалардың жасы: 4 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 20.05 - 24.05.2024ж.

Педагогтың аты-жөні: Бекишева М.А.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналарға "Балалардың жануарлар мен құстарға деген қызығушылығын дамытамыз" тақырыбында кеңестер беру; әңгімелесу; ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау	"Ойыншықтардағы тәртіп". Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету;	"Кір сүлгілерді ауыстыру". Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы	"Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық". Мақсат-міндеттер. Кезекшінің міндеттерін өз бетімен, адал	Үлкендердің көмегімен жаз айларында даладағы гүлдерді суару, ағаштарға су құю, түптерін қопсыту, сыпырысу,	"Бөлме өсімдіктерінің топырағын қопсыту". Мақсат-міндеттер. Балаларды жабық өсімдіктерге күтім

және басқалар)	ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сұрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қояды үйреніңіз. (еңбек дағдылары)	орындау: сабақ үшін тәрбиеші дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою; қажетіне қарай оларды сабақтан кейін орнына жинау. (еңбек дағдылары)	қоқыстарды жинауға үйрету. (еңбек дағдылары)	жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетке, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)
	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка)	"Моншақтарды жинаймыз" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндерді екі қасиеті бойынша	"Дойбы" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың логикалық ойлауын, байқағыштықты, зейінділікті дамыту. (математика)	"Фант" ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың белгілі тақырып бойынша түсініктерін нақтылау, сол тақырып бойынша тақпақты,	"Пазлдарды жинаймыз" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын, шыдамдылықты дамыту.

	"Санамақтар". Бірім - бір, Екім - екі, Үшім - үш, Төртім - төрт, Бесім - бес, Алтым - алты, Ауыр балтам, Қалды қалтам! Қырқылдауық, Қырма тауық! Олпық-солпық, Сен кір, сен шық! (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	(түсі мен пішіні, көлемі мен пішіні) топтастыру біліктіліктерін қалыптастыру, пішіндердің кезектесуіндегі қарапайым заңдылықтарды көру. (математика негіздері)	негіздері) "Домино" дидактикалық ойыны. Мақсаты: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық	жаңылтпашты, мақалды, санамақта, жұмбақты еске түсіріп айтуға ынталандыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар, шеңберде тұрып, келісілген тақырыпқа байланысты сөздерді кезегімен айтып жатады. Егер біреу ойланып, тоқтап қалса немесе алдында айтылған сөзді қайталаса, осы тақырыпқа байланысты көркем сөз үлгісін жатқа айтады. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)	
--	--	--	--	---	--

			карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. (математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)		
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен) 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1 - допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2 - допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу ; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1 - оң аяққа иілу; 2-3 - допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау. 3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау.				

	1-2 - өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу. 1-2 - аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау. 5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою. 1-2 - қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау. 6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1 - допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. 1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау. (дене шынықтыру)
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.

	Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. <i>Көркем сөз</i> Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен: Таңертең де, кеш те де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар мезгілде, Су мен сабын-бір жолдас, Жоймас олар кір қоймас! (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жаз туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)	Жаз туралы тақпақтар жаттау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)	Жаз табиғатының суретіне қарап әңгіме құрау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)	Жаз туралы жұмбақтар шешу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)	Жаз туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Жайдары жаздың ойындары". Мақсат-міндеттер: балаларда қатарға үшеуден тұрып,	Қазақ тілі "Жайдары жаз келді! Жыл мезгілдері. Жаз. Кемпірқосақ түстері." Мақсат-міндеттер.	Дене шынықтыру "Қол мен аяғымызды шынықтырайық" Балаларды қозғалыс бағытын өзгертіп, қосымша қадаммен	Музыка "Біз өмірдің гүліміз". (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларды ырғақты қимылдарды	Дене шынықтыру "Қол мен аяғымызды шынықтырайық" (пысықтау) Балаларды қозғалыс бағытын өзгертіп,

	сапты қайтадан құру; аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен, табанның ішкі жағымен, тізені жоғары көтеріп, ұсақ және алшақ адымдап жүру және жүгіру дағдыларын жетілдіру.	Балалардың ұғымында жаз мезгілі мен жазғы табиғатқа тән құбылыстар, жәндіктер туралы түсініктерін кеңейту; кемпірқосақ түстерінің атауларын бекіту; жаз қызықтары жайлы білім алуларына ықпал ету. Балаларды қазақ тілінде әуен ырғағына сәйкес мәнерлеп тақпақ айтуды үйрету; өз бетінше сөз тіркестерін құрап, еркін жауап беруге жаттықтыру; «Жаз» тақырыбы бойынша көру және есту арқылы сөйлеуді қабылдау, ырғақты сезіну сезімдірін, сондай-ақ, еске сақтау, ойлау қабілеттерін,	алға жүру; тепе-теңдікті сақтап бөренемен жүруге үйрету; балаларда бытырап жүру; сапта бір-бірден түрлі бағытта жүгіру дағдыларын дамыту; балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға ынталандыру.	музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын жетілдіру.	қосымша қадаммен алға жүру; тепе-теңдікті сақтап бөренемен жүруге үйрету; балаларда бытырап жүру; сапта бір-бірден түрлі бағытта жүгіру дағдыларын дамыту; балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға ынталандыру.
--	--	---	---	---	--

		жағымды эмоцияларын, эстетикалық талғамдарын дамыту. Әдептілікке, байқампаздыққа, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Музыка "Кел, билейік!" Мақсат-міндеттер: балаларды көңілді әуенді тыңдау және айту кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне және ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету.			
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылары)				

Серуен	Жәндіктерді бақылау (көбелек, қоңыз, сары маса, шегіртке). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Жұмбақ. Ұшқанда өлең айтады, Қонғанда жер қазады. Мұны да ойлап көрейік, Шешуін кім табады? (Қоңыз) Бақылау. Жәндіктердің атаулары туралы білімдерін бекіту. Сары маса, көбелектер атауларын ажырату тағы басқа негізгі түрі, пішіндері жайлы мағлұмат	Гүлдерді бақылау (петунья, космея). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Жұмбақ. Өзіне шап-шақ, Киген қалпағы аппақ, Аулада тұр қаптап. (Бақбақ) Бақылау. Балаларды гүлдердердің 3-4 түрін танып білуге үйретуді жалғастыру, гүлдерді түсіне және жапырағының түріне қарай айыра білу, атауларын есте сақтау. Өсу үшін су, жылу және т.б.. түсіндіктерді кеңейту. Гүлдерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Қимылды ойын.	Шықты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Жұмбақ. Маржандарым тығылды, Таң атқанша ағылды. (Шық) Бақылау. «Шық» деп аталатын өлі табиғаттағы құбылыс жөніндегі түсінікті қалыптастыру. Шықтың тек таң ата шығып, күн көтерілгенде еріп кететініне назар аудару. Табиғатқа деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Қимылды ойын. «Менің көңілді добым». (дене шынықтыру)	Құстарды бақылау (торғай, көгершін). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Көркем сөз. Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып-ап, Бөтегесі томпиып, Шик-шиқ етіп отырар. Торғай-торғай тоқтаған, Торғайды торғай мақтаған. Бір торғай ұшса боранда, Бәрі жабылып жоқтаған. Бақылау. Немен көректенеді, қайда мекендейді, пайдасы қандай болатыны туралы	Ағаштарды бақылау (қайың, үйеңкі, терек, діңі, бұтағы). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Жұмбақ. Өсіп тұрған бұл не? Жаз болса жайнап, Саясына ән салып, Құстар жүрген сайрап. (Ағаш) Бақылау. 2-3 түрлі ағаштарды бір-бірінен ажырату, маусымдық өзгерістерді атай білу. Ағаш жапырақтарының пішіндеріне назар аудару. Ағаштың пайдасы туралы айту. Қимылды ойын. «Мен атаған ағашқа барыңдар».
--------	---	--	---	--	--

	беру. Гүлдің бетіне отырғанда жапырағына көбелектің үлкен қанаты ұқсайды, сол кезде ол көрінбей кетеді. Шегіртке көк түсті, ол судың ішінде көрінбейді, олар өз орнынан қозғалған жағдайда. Олардың қауіпті және қауіпті емес жақтарын айтып өту. Қимылды ойын. «Ұшады не ұшпайды». (дене шынықтыру) Құстар, жануарлар, жәндіктер туралы білімдерін бекіту. Оларды аттары бойынша ажырату, дабыл берілгеннен бастап балалардың білгірліктерін анықтау. Ойынның шартын сақтау	«Көбелектер, бақалар». (дене шынықтыру) Балалардың ойын ережелерін сақтауын, жауапты рөлдерді орындай білу дағдыларын дамыту. Еңбек. Гүлзардағы жұмыс, гүлдерді суару. (еңбек дағдылары) Өсімдіктерді өз бетімен суаруды қаншалықты білетіні жөніндегі түсінігін бекіту (суару ережелерін ұсыну). Өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Үлкендерге көмек көрсетуге ынталандыру. Өз бетімен ойындар. Айналмамен ойнау. Балаларды айналмамен ойнату дағдыларын арттыру.	Доппен ойнау әдістерін бекіту, қимыл-қозғалыстарын дамыту ептілікке баулу. Еңбек. Ауылдағы жұмыс. (еңбек дағдылары) Өсімдіктердің солып қураған жапырақтарын алып тастау. Қолданған еңбек құралдарын ретке келтіріп өз орнына қоюға дағдыландыру. Өз бетімен ойындар. Өз бетінше ойнай білу қабілеттерін арттыру.	білімдерін толықтыру. Қимылды ойын. «Құстар және түлкі». (дене шынықтыру) «Түлкіні» санамақ арқылы тандай алу. Алаңда секіру, жүгіруді бекіту. Еңбек. Құстарды тамақтандыру. Құстарға деген қамқоршылыққа тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) Өз бетімен ойындар. Ойыншық-тербеткіш. Басқа балалармен ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу.	(дене шынықтыру) Балаларды бірге жүруге үйрету, өз ағашын табуға көмек беру. Аймақта өсетін ағаштардың аттарын есте сақтау. Балалар аталған ағашқа қарай тәртіппен жүгіреді, көрсетеді, дәлелдейді, сөйтіп аталған ағаш туралы білімдері қалыптасады. Еңбек. Ұқыпты, мұнтаздай таза болуға, ересектердің көмегімен киімдерін ретке келтіруге, тазалауға, құрғатуға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) Өз бетімен ойындар. Құм бетіне таяқшамен сурет салуға үйрету.
--	--	--	---	--	--

	арқылы балаларды ойынға тарту, ойынды өз беттерінше үлкендердің көмегісіз ойнау. Еңбек. Гербарий жасау. Ересектердің тапсырмасын жауапкершілікпен және өз бетінше орындауға үйрету. Өсімдіктерге деген сүйіспеншілігін туғызу. (еңбек дағдылары) Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру) Ойын түрін таңдауындағы дербестік әрекетін жетілдіру.	Жылдамдыққа, алғырлыққа баулу, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, қауіпсіздік ережесін сақтау.			
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.				

	Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. <i>Көркем сөз</i> Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен: Таңертең де, кеш те де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар мезгілде, Су мен сабын-бір жолдас, Жоймас олар кір қоймас! (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ұйқы	«Ақылды етікші» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан тұрғаннан кейін, төсекте жатып бірден жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; 2-3 минут төсекте жатқан гимнастика балалардың ұйқыдан ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу	Сурет салудан ойын-жаттығу "Өз қалауы	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Өсімдіктер мен	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу	Жапсырудан ойын-жаттығу "Судағы ғажап

үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Арманшыл сарғыш марғау" тақпағы негізінде түстер туралы әңгімелеу. Мақсат-міндеттер: балалардың тақпақ оқу және әңгімелеу сөйлеу формалары жөнінде білімдерін пысықтау, зат есімдердің құбылысты, затты, аңды, құсты бідіретіні жөніндегі түсініктерін тиянақтау; сөздердің логикалық ой құрылымына тізілетінін көрсету; түстерді пысықтау.	бойынша". Мақсат-міндеттер: балаларды өз қалаулары бойынша сурет салу әрекетіне машықтандыру; барлық игерген сурет салу техникаларын естеріне түсіріп, белгілі композицияны, бейнелерді салу амалдарын пысықтау. Ритмикалық жаттығу Жолдарыңа үңіліп, Екі бақа жүгіріп, Секіреді, бақ-бақ, Ағаштарды аттап. Олар ерте тұрады, Беті-қолын жуады. Оңға-солға шайқалып, Бақылдайды ән салып. Судан шіркей	кемпірқосақ". Мақсат-міндеттер: балаларды "Өсімдіктер мен кемпірқосақ" ертегісі мазмұнымен таныстыра отырып, ертегіге қызығушылықтарын қалыптастыру; ертегі желісінде кездесетін заттардың қасиеттері мен әрекеттерін зейін қойып, бақылай білуге үйрету. Ұлттық ойын. Теңге ілу Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30	"Күн сәулесі". Мақсат-міндеттер: балаларға күн жайлы мәлімет беру; күннің пайдасы туралы білімдерін кеңейту; күннің көзі жарқырап тұрса, жылу беретіні жөнінде ұғымдарын қалыптастыру. Ұлттық ойын. Түйілген орамал Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады,	балық". Мақсат-міндеттер: қағазбен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру. "Эстафета". Ойынның мақсат-міндеттер. Балалардың тілін және сөздік қорын дамыту. Ертегі кейіпкерлері туралы түсініктерін кеңейту. Ойынның барысы. Балалар дөңгеленіп тұрады, жүргізуші қолында эстафаталық таяқша болады. Жүргізуші бір ертегі кейіпкерінің атын айтып, қолындағы таяқшаны қасындағы балаға береді. Таяқшаны алған бала сол ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекет қимылына
---	---	--	--	---	---

		табады, Өсіп үлкен болады. Бақ-бақ, нақ-нақ, Біздер айттық тақпақ. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру)	метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он- оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпайәр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.	қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады. (дене шынықтыру)	байланысты сөз айтып, келесі балаға тездетіп таяқшаны беруі тиіс. Жүргізуші қолына таяқша қайтып келгенде, ол жаңа сөздер айтып, басқа балаға бере бастайды. Балалар сөз тауып айта алмаса, айып салынады. (дене шынықтыру)
--	--	--	---	---	---

			(дене шынықтыру)		
Балалармен жеке жұмыс	«Әдемі кілемшелер». (Сарғыш марғауға кілемшелер жасау) Ойынның мақсат-міндеттер. Бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынның құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны. Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды. (математика	"Суретші нені шатастырды?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: есте сақтау мен логикалық ойлауын, зеректікті дамыту. Жаз мезгіліне байланысты суреттер. Мысалы: жаз мезгілінде қар жауып тұр. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	Жаңылтпаштар жаттау. 1) Топ бала, топ бала Ойнап жүр, топтала. Зымырап допты ала, Қуады көп бала. 2) Омар томар алар, Орал орақ оар. 3) Қырда қырау Қызыл ала бұзау. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	Ойын жаттығуы: "Кім көп сөз ойлап табады?". Мақсат-міндеттер: тапқырлықты дамыту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	"Жаз келді" тақпағын жаттау. Жайқалып жапырақ, Құлпырып қызғалдақ. Тұратын көз тартып, Жаз келді күн шуақ. Ж.Молдағалиев (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)

	негіздері, шығармашылық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. "Айнаға қара, біз қалай ұқыпты киінгенбіз" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттер: киімдегі ұқыпсыздықты көріп, сол уақытта түзетуді үйрету, таза жүруге тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы				

үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.

Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**

Мақсат-міндеттер. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.

Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**

Мақсат-міндеттер. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер- тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.

	Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу. Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналарға кеңес. "Егер бала жиі ашуланса ..."	Баланың эмоциялық жағдайы.	Әңгіме: «Жаздағы дамытушылық ойындары».	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.

Тексерген: Бекнишева М.А. 